

## Кәсіптік бағдар жұмысын жүргізу туралы

2024 жылдың 19 сәуірінде Агрономия факультетінің қабырғасында «Биология, өсімдік қорғау және карантин» кафедрасының профессорлық-оқытушылық құрамының ұйымдастыруымен Астана қаласының мектептері мен колледждерінің түлектері арасында биология пәнінен жыл сайынғы пәндік олимпиаданың екінші туры өтті.

Екінші турдың ашылу алдында кафедра оқытушылары қатысушылармен сөз сөйлеп, онда бакалаврларға арналған «Биология», «Фитосанитарлық қауіпсіздік» мамандықтарының және басқа да биологиялық мамандықтардың ерекшеліктеріне қысқаша тоқталды. Қатысушыларға буклеттер таратылды.

Олимпиада бағдарламасына сәйкес, қорытындыларды жариялау мен олимпиада жеңімпаздарын марапаттау аралығында кафедра қызметкерлерімен профессор Е.Н. Кухар басқаратын «Ауыл шаруашылығы биотехнологиясының ғылыми-өндірістік платформасы» ғылыми орталығына, профессор А.П. Науанова жетекшілік ететін «Микроорганизмдер биотехнологиясы» тәжірибелік-өндірістік зертханасына, «Топырақтану және агрохимия» кафедрасының Топырақ мұражайына. экскурсиялар ұйымдастырылды.



